

Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктердің жиынтық ведомосы (тізілімі) нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының 2004 жылғы 14 желтоқсандағы N 645 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 6 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 3328. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2008 жылғы 26 желтоқсандағы N 612 Бұйрығы.

Күші жойылды - ҚР Қаржы Министрінің 2008.12.26 N 612 Бұйрығымен.

----- Бұйрықтан үзінді -----

*"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"
Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 276-бабы 4-тармағына
с ә й к е с*

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1

*2. "Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктердің жиынтық ведомосы (тізілімі) нысанын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының 2004 жылғы 14 желтоқсандағы N 645 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3328 болып тіркелген) күші жойылды деп
т а н ы л с ы н .*

3

4. Осы бұйрық ресми жариялануға жатады және 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр *Б. Жәмішев*

*"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"
Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:***

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктердің жиынтық ведомосының (тізілімінің) нысаны (337.00-нысан) бекітілсін.

*2. "Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктердің жиынтық ведомосы (тізілімі) нысанын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 2004 жылғы 12 қаңтардағы N 10 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2004 жылғы 2 ақпанда N 2690 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.*

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің Әдістеме басқармасы осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап күшіне енеді және 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап туындайтын қатынастарға таралады.

Төраға

К е л і с і л д і
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
С ы р т қ ы і с т е р м и н и с т р і

2004 жылғы 14 желтоқсан

337.00-нысан

Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктердің жиынтық ведомосты (тізілімі)

Нысанды қағаз мәтіннен қараңыз

337.01-нысан

Қазақстан Республикасы аумағында алған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша қайтаруға қойылған ҚҚС сомасы (Тізілімге N 1 қосымша)

Нысанды қағаз мәтіннен қараңыз

337.02-нысан

Өкілдік персоналы туралы мәліметтер (Тізілімге N 2 қосымша)

Нысанды қағаз мәтіннен қараңыз

Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктер жасайтын жиынтық ведомостарға (тізілімге) қосымша

Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктер жасайтын жиынтық ведомостарды (тізілімдерді) толтыру

Е Р Е Ж Е Л Е Р І

(337.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктердің (бұдан әрі - Өкілдік) жиынтық ведомосі (тізілімі) 337.00-нысаннан және Тізілімге - "Қазақстан Республикасы аумағында сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша қайтаруға қойылған

ҚҚС сомасы" 337.01-нысанға қосымшадан және "Өкілдіктің персоналы туралы мәліметтер" 337.02-нысаннан тұрады.

2. 337.02-нысан Қазақстан Республикасы аумағында олардың бірге тұратын жанұя мүшелерін қоса алғанда Өкілдіктің дипломатиялық және әкімшілік-техникалық персоналының жеке пайдалануына (бұдан әрі - персонал) арналған сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша қосылған құн салығын қайтаруды жүзеге асыру кезінде толтырылады.

3. Тізілімді толтырған кезде:

1) қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа белгілерімен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық түрде - магнитті тасығышта, оған Өкілдіктің уәкілетті тұлғасы қол қойған, қолдан, болмаса баспа құрылғысымен толтырылған, немесе тиісті бағдарламалық қамтамасыз етуді қолданумен принтерде басып шығарған қара-ақ гаммадағы қағаз тасығыштағы Тізілім қоса беріледі.

4. Тізілімді толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде Тізілімнің тиісті торкөздері толтырылмайды.

6. Тізілімге Өкілдіктің уәкілетті тұлғасы қол қояды және мөрмен куәландырылады.

2. 337.00-нысанын толтыру

7. "Өкілдік туралы жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) салық төлеуші - Өкілдіктің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) 337.00-нысанды толтырылатын кезең. Тоқсан тоқсанның реттік нөміріне сәйкес келетін араб сандарымен көрсетіледі;

3) Өкілдік атауы;

4) банк деректемелері, соның ішінде салық төлеуші-банктің тіркеу нөмірі, жеке сәйкестендіру коды (ЖКС) мен банктің сәйкестендіру коды (БСК) және банк атауы;

5) 337.01 нысаны бойынша парақ саны;

6) 337.02 нысаны бойынша парақ саны;

7) жиынтық ведомосінің (тізілімнің) түрі - кезекті немесе қосымша - тиісті торкөзде белгі қойылады.

8. "Қазақстан Республикасы аумағында сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша қайтаруға қойылған ҚҚС сомасы" бөлімінде 337.00.001 жолы бойынша Қазақстан Республикасы аумағында сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша қайтаруға қойылған қосылған құн салығы сомасы көрсетіледі. Осы жолға 337.01 нысанның 337.01.001 жолы І-бағанының қорытынды шамасы көшіріледі.

337.00.001А жолында Өкілдік шотына қайтаруға жататын, 337.01.001І, 337.02.001J жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

337.00.001В жолында Өкілдік персоналының шотына қайтаруға жататын қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Осы сома 337.02-нысанының 337.02.001-жолы J-бағанының жиынтық шамасынан көшіріледі.

337.01-нысанын толтыру

9. 337.01-нысаны Қазақстан Республикасы аумағында Өкілдіктің ресми пайдалануына, сондай-ақ Өкілдік персоналының жеке пайдалануына арналған сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша қосылған құн салығын қайтаруға қойылған қосылған құн салығы сомалары бойынша мәліметтерді көрсетуге арналған.

10. "Өкілдік туралы жалпы ақпарат" бөлімінде:

- 1) салық төлеуші-Өкілдіктің тіркеу нөмірі көрсетіледі;
- 2) қосылған құн салығын қайтару жүргізілетін кезең. Тоқсан тоқсанның реттік нөмірімен сәйкес келетін араб сандарымен көрсетіледі;
- 3) Өкілдіктің атауы.

11. "Қазақстан Республикасы аумағында сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша ҚҚС сомасы" бөлімінде:

- 1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;
- 2) В бағанында - тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) жеткізушінің тіркеу нөмірі;
- 3) С бағанында - шот-фактурада көрсетілген жеткізушінің қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәлігінің сериясы мен нөмірі;
- 4) D бағанында - сатып алу үшін құжат нөмірі;
- 5) E бағанында - сатып алу үшін құжат көшірмесінің күні;
- 6) F бағанында - төлеу үшін құжат нөмірі;
- 7) G бағанында - төлеу үшін құжат көшірмесінің күні;
- 8) H бағанында - қосылған құн салығынсыз сатып алынған тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) құны;
- 9) I бағанында - қайтаруға қойылған қосылған құн салығының сомасы. I

бағанының қорытынды шамасы 337.01.001 жолынан Тізілімнің 337.00.001
ж о л ы н а к ө ш і р і л е д і ;

12. В парағының I және H бағандарында, тиісті бағандарда "Ағымдағы парак бойынша қорытынды" жолында ағымдағы парак бойынша қорытынды сомалар көрсетіледі.

4. 337.02-нысанын жасау

13. 337.02-нысаны шотына қосылған құн салығын қайтару жүргізілетін Өкілдік персоналы туралы мәліметтерді көрсетуге арналған.

14. "Өкілдік туралы жалпы ақпарат" бөлімінде мыналар көрсетіледі:

- 1) салық төлеуші-Өкілдіктің тіркеу нөмірі;
- 2) қосылған құн салығын қайтару жүргізілетін кезең. Тоқсан тоқсанның реттік нөмірімен сәйкес келетін араб сандарымен көрсетіледі;
- 3) Өкілдіктің атауы.

15. "ҚҚС жүргізілетін Өкілдік персоналы туралы мәлімет" бөлімінде:

- 1) А бағанында - жолдың реттік нөмірі;
- 2) В бағанында - салық төлеуші-Өкілдік қызметкерінің (жұмысшысының) тіркеу нөмірі;
- 3) С бағанында - Өкілдік қызметкерінің (жұмысшысының) аты-жөні;
- 4) D бағанында - Өкілдік қызметкерінің (жұмысшысының) шоты ашылған салық төлеуші-банктің тіркеу нөмірі;
- 5) E бағанында - Өкілдік қызметкерінің (жұмысшысының) шоты ашылған салық төлеуші-банктің атауы;
- 6) F бағанында - Өкілдік қызметкерінің (жұмысшысының) шоты ашылған салық төлеуші-банктің жеке сәйкестендіру коды;
- 7) G бағанында - Өкілдік қызметкерінің (жұмысшысының) шоты ашылған салық төлеуші-банктің сәйкестендіру коды;
- 8) H бағанында - қайтару жолдары:
егер қайтару Өкілдік қызметкерінің (жұмысшысының) жеке шотына жүргізілетін жағдайда, "1" белгісімен белгіленеді;
егер қайтару Өкілдік қызметкерінің (жұмысшысының) дебеттік карточкасына жүргізілетін жағдайда, "2" белгісімен белгіленеді;
- 9) I бағанында - Өкілдік қызметкерінің (жұмысшысының) дебеттік карточкасының нөмірі немесе жеке шотының нөмірі;
- 10) J бағанында - қайтаруға қойылған қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

16. 337.02.001 жолының J бағанының қорытынды шамасы 337.00-нысанның Жиынтық ведомосының (Тізілімінің) 337.00.001В жолына көшіріледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ